№34
(7876)

17 тамыз,
Сейсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.

АМАНГЕЛДІ АУЫЛЫНДА СПОРТ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

Қазақстанда тамыз айының әр үшінші аптасында дене шынықтыру саласы мамандарының кәсіби мерекесі - спорт күні аталып өтіледі. Бұл жыл сайынғы дәстүрге айналған мереке. Осы мереке қарсаңында Көптоғай ауылдық округі, Амангелді ауылында қазіргі заман талабына сай жасанды төсеніш жамылғымен шағын футбол алаңы салынып пайдалануға берілді.

Шағын алаңның ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев арнайы қатысып, Мемлекет басшысының салиқалы саясатының арқасында жеткен жетістіктерді жіпке тізіп, ел мен жер үшін жасалған игі істерге тоқталды. Солардың бірі ретінде дәл осы күні ауыл тұрғындарының және жастардың игілігіне берілгелі отырған шағын футбол алаңын мысалға келтірді. Болашақ ұрпақ пен жастардың саламатты өмір салтын ұстанып, араларынан спортшы жастардың шығуына тілектес екендігін жеткізді.

Мұратбай Болатұлы спорт мамандарын Спорт күні кәсіби мерекесіне орай, ауданның спортын дамытуға және салауатты өмір салтын насихаттауға қосқан елеулі еңбегі үшін аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың алғыс хатын, естелік сыйлықтарын табыс етті.

Б.Мұхамбетқали,
аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

АЙБАТТЫҢ МАҚСАТЫ: «ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТСЕМ», - ДЕЙДІ

Мемлекетіміздің өркендеп, бұқара халықтың әл-ауқатының артуы, еліміздегі кез-келген саланың дамуы бірінші кезекте мемлекеттік қызметкердің еңбегімен тілкелей байланысты екені рас. Сондықтан мемлекеттік қызметкерлердің көтеретін жүгі ауыр. Өйткені мемлекеттік қызмет билік пен қарапайым халықтың арасын жалғайтын алтын көпір. Олай дейтін себебіміз біздің қоғамда мансапқорлыққа салынып, мемлекеттік қызметті өз мүдесіне пайдаланып жүрген жандар жоқ емес. Ал, мемлекеттік қызметті абыройлы атқарып, өзін халықтың қызметшісі санайтын жандардың бірі Айбат Ербазиев. Ойылдың төл перзенті. Айбат Түгелбайұлы Ж. Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебін бітіре салысымен 2011-2015 жылдар аралығында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік унивеситетіне, «Техникалық» факультеті бойынша «Мұнай-газ ісі» мамандығында оқиды. Білімін жоғарылатып, оқудан қол үзбеген жас жігіт 2016-2018 жылдар аралығында Сақтаған Бәйішов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіндегі «Экономика және бизнес» факультетінде «Экономика» мамандығын алады. Тырнақ алды еңбек жолын «Мұғалжар ауданы әкімі» мемлекеттік мекемесінде жетекші маман болып бастап, бас маман қызметін атқарды. 2018 жылы «Батысқазжерқойнауы» Батыс Қазақстан өңіраралық геология және жер қойнауын пайдалану департаментінде бас маман болып жасады. «Туған жерге туыңды тік», - демекші, кейін туған жерге келіп, Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы қызметін атқарды. Қазіргі таңда аталған саланың басшысы қызметінде өзіне жүктелген міндеттері тиянақты атқарып келеді. Көпшіліктің пікірімен санаспай-ақ көз жүгіртіп қарасақ, ауыл шаруашылығы саласы біздің аудан үшін өте маңызды сала. Сондықтан «Жас келсе іске» дегендей, аталған салаға Айбат бар күш-жігерін салып, тыңғылықты атқарады деген сенімдеміз. Әңгімемізге арқау болған кейіпкеріміз Айбат Түгелбайұлы басты мақсатым «Елге қызмет етсем», - дейді. Ендеше елге қызмет қылатын ерлеріміз көбейе берсін дейміз.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ҰБТ: ОЙЫЛДЫҢ 79 ТҮЛЕГІ ГРАНТ ИЕГЕРІ

ҰБТ-ны Қазақстанға ең алғаш 2004-жылы сол кездегі білім және ғылым министрі енгізді. Сол жылдан бері тұрақты түрде мектеп түлектері және тапсырғысы келген алдыңғы түлектер, студенттер бұл сынақта бақтарын сынап келеді. Әрине, сыбайластықтың жолын кесу мақсатында жыл сайын жаңашылдықтар енгізіліп жатыр. Рас, бұл қадамдар кейбіреулерден қолдау тапса, кейбіреулердің наразылығын туғызғанымен көнбеске шаралары жоқ. Биылғы ҰБТ тапсыру жүйесі мүлдем бөлек болды.

Биыл аудандағы мектептерді 191 оқушы бітірсе, оның 178-і ҰБТ-ге қатысып, өз бақтарын сынады.

«...Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап», - деп Абай атамыз айтқандай, биыл өзінің білімі мен еңбегіне сенген Ойыл ауданының талапкерлері тағы да жоғары нәтижеге қол жеткізді. Яғни, ауданның 79 түлегі еліміздегі өздерінің қалаған оқу орындарына түсті. Мемлекеттік грантқа ие болды. Бұл жалпы биылғы ҰБТ-ге қатысқан талапкердің 44,4 пайызы.



Бұл көрсеткішті жіктер болсақ, түлектері 100 пайыз оқу грантын иеленген Жамбыл мектеп-балабақшасы. Бірақ, мұнда ҚБТ-ге қатысқан бір-ақ оқушы. Одан кейінгі орында Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің еншісінде. Ғалымның атын иеленген мектептен биыл ҰБТ-ге 13 түлек қатысса, оның 8-і тегін жоғары білім алуға қол жеткізіп отыр. Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі мен Саға мектеп-балабақшасы түлектерінің көрсеткіші – 57,1 пайыз.

Тағы да данышпан Абайға жүгінеміз. «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан…» - дегендей, мемлекеттік грантқа иеленген талапкерлерді «жаңа өмірдегі» алғашқы жеңістерімен құттықтап, қалаған мамандықтарының иесі болып, Ойылдың ғана емес, Отанымызды көркейтуге еңбектенулеріне тілектеспіз!

ОҚУШЫЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА, ДӘСТҮРЛІ ФОРМАТТА ОҚИДЫ...

КОРОНАВИРУС ПАНДЕМИЯСЫ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІН ӘБІГЕРГЕ ТҮСІРІП, САЛЫН СУҒА БАТЫРҒАНЫ БАРШАҒА МӘЛІМ. ОСЫ ТҰСТА БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ ДЕ КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН САҚТАУ ТАЛАПТАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ. ҚАУІПТІ ІНДЕТТІҢ САЛҚЫНЫ БІЛІМ ОШАҚТАРЫН ДА АЙНАЛЫП ӨТПЕДІ. 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕ МЕКТЕПКЕ АСЫҒА ЖЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРЫМЫЗ ҚАШЫҚТАН ОУҒА ДА ҚАЛЫПТАСТЫ. АЛ, БҮГІНДЕ АТА-АНАЛАР АРАСЫНДА ТҮРЛІ ПІКІР ҚАЛЫПТАСА БАСТАДЫ. БІРІ БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ ҮШІН ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАСА, БІРІ ДӘСТҮРЛІ ФОРМАТТА ОҚУ ЖӨН, - ДЕЙДІ. РАС, БҰЛ ПІКІРЛЕРМЕН ЕШКІМ ТЕКЕ-ТІРЕСІП БІР БАЙЛАМҒА КЕЛЕ АЛМАСЫ АНЫҚ. СОНДЫҚТАН БІЗ КӨПШІЛІКТІҢ КӨКЕЙІН КЕРНЕГЕН МАҢЫЗДЫ СҰРАҚТАР БОЙЫНША ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ СЕРІК МЕРУЕНОВ АРНАЙЫ СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК. ЕНДЕШЕ САУАЛҒА ТОЛЫ СҰХБАТЫМЫЗДЫ ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНАМЫЗ.

- Алғашқы сауалымызға кезек берсек, биылғы оқу жылы қандай форматта басталады?

- Жаңа оқу жылы жақындаған сайын көптің көкейіндегі сұрақ көбейе түсті. Ең алдымен, «биыл оқушылар мектепке бара ма?» - деп алаңдайды ата-аналар. Иә, биылғы жаңа оқу жылы дәстүрлі оқу форматында басталады. Жаңа оқу жылының басталуына орай білім ошақтары оқушыларды толықтай қабылдауға дайын. Дегенмен де, күн сайын үрейді үдетіп тұрған эпидахуалға байланысты балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жайы басты назарда. Биылғы оқу жылына 1 сыныпқа 357 оқушы қабылданды. Барлығы 3392 оқушымен басталады деп жоспарлануда.

- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты назарда деп әңгімеңіздің басында айтып өттіңіз. Мұғалімдердің қанша пайызы вакцина алды? Сондай-ақ, кадр мәселесіне де тоқталып өтсеңіз.

- Нақтырақ айтсақ, Ойыл ауданы бойынша білім саласында 1504 қызметкер жұмыс жасайды. Оның 817-і педагог. Педагогтардың 592-сі екпе алды. 688 техникалық қызметкерлердің 596-сы екпе алып отыр. Жаңа 2021-2022 оқу жылына Ойыл ауданы бойынша білім беру ұйымдары толықтай педагог кадрлармен қамтылады деп күтілуде. Қажеттілік туралы толық ақпарат жарияланып отыр.

Биылғы оқу жылына қажеттілік: Орыс кластары үшін бастауыш, математика пәнінің мұғалімі қажет. Қазақ кластары үшін жоғары білімді математик, химия, физика пәнінің мұғалімдері қажет.

- «Ақ көйлек, қызыл галстук, жарасушы едік бәріміз», - деп шырқалған әннің астарында өз заманында оқушылардың мектепті аңсауымен қатар мектеп формасын көз алдыңа әкеледі. Ал, қазір ше? Оқушылардың мектеп формасы қандай болмақ?

- Сөзіңіздің жаны бар. Оқушылардың мектеп формасы әр жыл сайын талқыланып келеді. Десе де бұл әлі шешілмеген түйін. Сондықтан биыл оқушылар бірдей формада киім тіктірмейді. Бірақ бірыңғай классикалық үлгіде киінулері шарт.

- Қазір ақпараттық технологияның дамыған заманы. Десек те, мектепте алған білімнің маңызы зор. Кезінде екі балаға бір оқулықтан беріліп, оқыганымыз әлі есімізде. Биыл жаңа оқу жылында оқушыларға оқулық жеткілікті ме?

- Ойыл ауданының білім бөліміне қарасты 23 мектептің оқушыларына толықтай оқулықтар таратылып болды. Жаңа оқу жылына қажетті бастауыш сыныптардың жұмыс дәптерлері мемлекеттік сатып алу арқылы ұйымдастырылып, 48 млн. теңгеге 14 баспадан сатып алынды. Жаңа оқулықтар 20 тамызға оқушыларға таратылады. Сондықтан ата-аналар тарапынан оқулық мәселесі бойынша алаңдауға негіз жоқ. Басты талап - балаларының оқу үлгеріміне баса назар аударса болғаны.

- Соңғы жылдары ауданда бірнеше жаңа мектеп бой түзеді. Ал, сол білім ошақтарының материалдық базасы оқушылардың білім алуына мүмкіндігі қандай?

- Ауданымыздағы білім ошақтарының материалдық жағдайы өте жақсы. Барлық білім беру ұйымдары интернет желісіне қосылған. 4 мектепке модернизациялау жүргізілуде. Оған 75 млн. теңге қаржы бөлініп, мектептерді безендіру жұмыстары аяқталуда. Жиһаздар мен кабинеттерді ішінара жабдықтау құралдары алынады.

- Қазіргі таңда ауданымыздың орталығындағы мектептер көгілдір отынмен қамтылған. Ал, ауылдық округтер мен елді мекендердегі білім ошақтары әлі де дизель немесе қатты отынмен жылытылады. Олардың жылыту қазандықтарының жай-күйі мен отынмен қамту мәселесі қаншалықты деңгейде өзір?

- Біз жаңа оқу жылы басталмай тұрып мектептердің жай-күйімен жақсы таныспыз. Ал, қысқы отынмен қамту, жылыту пештерінің іске жарамдылығы әрдайым бақылауда тұр. Отынға қажеттілік 165,3 тонна. Жаңа оқу жылы қарсаңында дизель отынымен жылытылатын мектептерге 148,5 тонна мемлекеттік сатып алу арқылы ұйымдастырылды. Жеңімпаз «Алтын Мұнай ЛТД» ЖШС ұтып алды. Қалған 16,8 тонна баға өсуіне байланысты қосымша қаражат сұралып, жылу маусымына дейін жеткізіледі.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан:
Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕРДІҢ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

Жаңа кодекс әкімшілік рәсімдерді, мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ жария-құқықтық қатынастар саласындағы дауларды шешу тәртібін реттейтін заңнамалық актіні білдіреді. Әкімшілік рәсімдердің және әкімші-лік сот ісін жүргізудің міндеттері жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асыру,жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу, тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету, жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту болып табылады. Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақтылы шешу.

Кодекс әкімшілік рәсімдерге қатысты алты қағидатты белгілейді. Олар: мөлшерлестік, әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері, құқықтар басымдығының қағидаты, сенім құқығын қорғау, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу және анықтық презумпциясы.

Мөлшерлестік- әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы мен қоғам мүдделерінің әділ теңгерімін қамтамасыз етеді. Бұл ретте әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) мөлшерлес, яғни жарамды, қажетті және пропорциялы болуға тиіс. Егер әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін қолайлы болса, жарамды деп есептеледі.

Егер әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) әкімшілік рәсімге қатысушының құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін барынша аз дәрежеде шектейтін болса, қажетті деп есептеледі.

Егер әкімшілік рәсімге қатысушының құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін шектеу нәтижесінде алынған қоғамдық игілік осы шектеулер келтірген зияннан көп болса, әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) пропорциялы деп есептеледі.

Әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері - әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде жүзеге асыруға міндетті. Әкімшілік қалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік актіні қабылдау және (және) әкімшілік әрекетті жасау (әрекетсіздік таныту) осы өкілеттіктің мақсаттарына сәйкес келуге тиіс.

Құқықтар басымдығының қағидаты - Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасындағы барлық күмәндар, қайшылықтар мен көмескіліктер әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына түсіндіріледі.

Сенім құқығын қорғау - әкімшілік рәсімге қатысушының әкімшілік органның, лауазымды адамның қызметіне сенімі Қазақстан Республикасының заңдарында қорғалады. Әкімшілік орган, лауазымды адам немесе сот Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теріс деп белгілемейінше, әкімшілік акті, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) заңды және негізді деп есептеледі. Әкімшілік органның, лауазымды адамның кінәсінен қабылданған заңсыз әкімшілік акт, сондай-ақ әкімшілік органның, лауазымды адамның кінәсінен жасалған заңсыз әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) әкімшілік рәсімге қатысушы үшін ауыртпалық салатын салдарға алып келмейді. Сенім құқығы заңсыз әрекеттер жасауға (әрекетсіздік танытуға) негіз бола алмайды.

Формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу - әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартуына, шектеуіне, тоқтатуына, сондай-ақ оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленбеген талаптарды сақтау мақсатында міндет жүктеуіне тыйым салынады.

Анықтық презумпциясы - Әкімшілік рәсімді жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы ұсынған материалдар, объектілер, құжаттар мен мәліметтер әкімшілік орган, лауазымды адам теріс деп белгілемейінше, анық деп есептеледі. Материалдардың, объектілердің, құжаттар мен мәліметтердің төлнұсқалығына күмән болған кезде әкімшілік орган, лауазымды адам олардың төлнұсқалығын өзі дербес тексеруге міндетті.

Ойыл ауданаралық әділет басқармасы

Ойыл 100 жыл

ОЙЫЛ УӘЛАЯТЫНЫҢ УАҚЫТША ҮКІМЕТІ

(жалғасы, басы өткен санда)

Большевиктермен келісімге келу мақсатымен Мәскеуге арнайы барып, олардың көсемдерінен, сөз жүзінде болсада, Алашорда үкіметін қолдайтын уәдесін алып қайтқан Халел мен Жанша, өрине, Самарада да осы ұстанымнан айнымады. Сонымен бірге: «Бізде өзірге Кеңестер жоқ, жұмысшы да, солдат та жоқ. Бізде тек земство мекемелері бар және оны орталық сақтағалы отыр», — деп Халел таптық жіктелу емес, жалпы ұлттық мүдде тұрғысынан ашық жауап берді.

Ж.Мергенұлының Ойыл управасын басқаруы Орталық Алашордадан да, Комуч (Комитет членов Всероссийского Учредительного собрания) үкіметінен де толық қолдау таппаған, «Ойыл уәлаяты Уақытша үкіметінің» құрылуын олар сепаратистік пиғылдың жемісі деп қабылдаған кезбен тұспа-тұс келді. 1918 жылғы маусымда Комуч төрағасы В.К.Вольский Алашорда үкіметінің төрағасы Ә.Бөкейханұлына Ойыл уәлаяты Уақытша үкіметінің большевиктерден іргесін аулақ салғанын құптай отырып, мұндай шешім Бүкіл ресейлік Құрылтай жиналысының құқына қол сұққандық болады деп мәлімдеді. «Етімізден ет кесіп алғандай қылып Ресейдің мемлекеттік біртұтастығын бөлшектеуге, қандай үкіметтің болсын дербестігін өз бетінше жария етуіне жол бермейміз. Комуч «Ойыл уәлаяты Уақытша үкіметінің» земство мекемелерін атқару органдарына айналдыруымен тіпті де келіспейді», — деп мәлімдеді. Ойылдық үкіметтің төрағасы Ж.Досмұхамедұлы 18 тамызда: «Уәлаяттың земство мекемелері Бүкілресейлік Уақытша үкімет 1917 жылы бекіткен Сібір мен далалық облыстарды земстволық өзін-өзі басқару ережесі негізінде жұмыс істейді. Съезде земстволық мекемелер үкіметтің уәлаятты өкімшілік басқару, мысалы, большевиктермен күресу үшін халық армиясын ұйымдастыру сияқты жекелеген тапсырамаларын ғана орындайды, съездің мұндай қаулысы Үкіметтің земстволық өзін-өзі басқару ісіне тіпті де араласқандық емес», — деп жауап берді.

1918 жылғы 11 қыркүйекте «Ойыл уәлаяты Уақытша үкіметі» таратылып, Күнбатыс Алашорда құрылғаннан кейін Ж.Мергенұлына екі бірдей жауапты қызмет тапсырылды. Біріншісі — алдағы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына дейін Бүкілресейлік Уақытша үкіметтің жоғарыда айтылған 1917 жылғы ережесі негізінде жұмыс істейтін Ойыл уәлаятының комиссары лауазымы. Комучтің келісімімен Орал облыстық комиссары Г.Бизяновтың құзыреті енді Ойыл уәлаятына жүрмейтін болды. Екіншісі — Алашорданың жаңағы 11 қыркүйектегі шешімімен бекітілген Алашорда облыстық комиссары лауазымы, осылай Ойыл уәлаятының комиссары және Алашорда облыстық комиссары міндеттері бір адамға жүктелді. Бұл күрделі кезеңнен шығудың тактикалық бір тәсілі болатын, яғни іс жүзінде Уақытша үкімет саясатын жалғастырушы Комучпен және Директориямен араны шиеленістірмеу үшін жасалған ойластырылған қадам еді. Сол жылғы күзде Директория таратылды да, А.В.Колчактің Уақытша Сібір үкіметі құрылды. Комуч аясындағы демократиялық альянс монархистік күштердің алдында тізе бүгіп, облыстық комиссар лауазымы қысқартылды, Жанқожа Шыңғырлау ояздық земство басқармасының төрағасы болып тағайындалды.

Оралдағы билік өзгеріп, Әскери үкімет қазақтар арасындағы большевиктерге тілеулес топтарға жаппай тізе батыра бастаған еді. Осындай қысылтаяң күндерде, яғни 1918 жылдың аяғымен 1919 жылдың басында Ж.Мергенұлы Темір, Елек, Қобда бағытында жедел іс-қимыл жүргізген Алаш отрядын басқарды. Халық милициясына жігіттер алу, оны азық-түлікпен қамтамасыз ету ісін ұйымдастырды.

Өкінішке орай, Ж.Мергенұлының одан кейінгі өмірі туралы деректер жоқ. Белгілісі, ол Ойыл ауданының бұрынғы «Саралжын» кеңшарында жерленген. Мүрдесі кезінде өзі өкесі Мергенге темірден қоршау тұрғызып, содан Темірмола атанып кеткен қорымда. Мергеннен Нұрғожа (1871-1914), Жанқожа (1873-1921), Құсайын (1879-1918) атты үш ұл туады. Құсайыннан ұрпақ жоқ, ал Нұрғожадан Мұхамеджан, Ахмедриза, Мәжит, Сейдахмет, Жанқожадан Мұқтар, Мансұр, Әбдірашит тарайды.

Жанқожаның Мұқтары Ойыл ғана емес, бүкіл Актөбе өңіріне белгілі математик. Еліміздің ұлттық педагогтарының қара шаңырағы — Қазақ педагогикалық институтын 1932 жылы физика-техника *(сол кезде солай аталған — С.Б.)* бөлімі бойынша бітіріп шықты. Бұл институттың 1928 жылы ашылғаны белгілі. Демек, М.Жанқожин осы «қара шаңырақтың» алғашқы түлектерінің бірі. Бүкіл өмірін жас ұрпаққа білім беру ісіне арнаған ұстаз орта мектептен бастап, Ақтөбе педагогикалық институтқа дейінгі білім ордасы сатыларында өз мектебін қалыптастыра білді. М.Жанқожиннің есімі, әсіресе Ақтөбе педагогикалық училище ұжымы үшін ерекше ыстық. Орта мектепте немесе институтта білім бере жүріп те ол училищедегі ұстаздық қызметінен бір сәт қол үзген емес.

Үкімет тарапынан өлденеше мәрте марапатталды, Ақтөбе қалалық кеңесіне бірнеше дүркін депутат болып сайланды, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1945 жылғы 12 қарашадағы Жарлығымен оған «Қазақ КСР-ына енбек сіңірген мұғалім» құрметті атағы берілді. Училише ұжымы қимас ұстазын 1961 жылғы 15 ақпанда өз ғимаратында ақтық сапарға шығарып салды.

Мұқтардын қызы Рита жоғары білімді дәрігер, үлкен ұлы Мәрен жоғары білімді физик-математик. Мәрен еңбекжолын туған өңірінде, ауыл мектебінде бастап, кейін қоғамдық қызметке ауысты. Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің хатшылығынан Мәскеуге, Жастар одағының Орталық аппаратына шақырылды. Кәсіподақтардың Орталық аппаратында жауапты қызметтер атқарды. Аз уақыт Қазақстанға оралып, Торғай облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі болып істеді. Көп ұзамай қайтадан Мәскеуде, КСРО Қорғаныс өнеркәсібі кәсіподақтарының орталық аппаратында бөлім басқарды, ал Одақ тарағаннан соң Ресей Федерациясы құрамында нақ осы қызметін зейнеткерлікке шыққанға дейін жалғастырды.

Мәреннен кейінгі ұлы Магир Алматыдағы теміржол көлігі инженерлерін даярлайтын жоғары оқу орнының түлегі, облыстық ішкі істер органдарының жауапты қызметкері. Ал Марат елімізде бұқаралық ақпарат құралдарының қалыптасуына сүбелі үлес қосқан қайраткер. Одақ кезінде әлем саясаткерлерінің аузында жүрген «Правда» газетінің Қазақстандағы меншікті тілшісі болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Үгіт-насихат бөлімінің бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі секторын басқарды. Қазақ КСР Журналистер одағының хатшысы. Республикалық «Экономика и жизнь» журналының бас редакторы ретінде еліміздің экономикалық тәуелсіздігінің өзекті мәселелерін көтеріп, шешуге ат салысты. Сондай-ақ, түңғыш республикалық тәуелсіз «Караван» газетін ұйымдастыруға қатысты, газеттің бас редакторының орынбасары болды.

Мұқтардың кенжесі Дамир де жоғары білімді физик-математик, жоғары білімді каржыгер. Актөбе облыстық комсомол комитетінің сектор меңгерушісі болып істеді, Бүкілодактық комсомолдық екпінді құрылыс деп жарияланған «Шилісай фосфор кенішін» салу жөніндегі штабқа жетекшілік етті, республикалық Жастар одағының Орталық аппаратында жауапты қызметтер атқарды. Кейін шаруашылық саласына ауысып, Актөбенің қалалық, облыстық мемлекеттік сақтандыру басқармаларын басқарды, Актөбе сақтандыру компания- сының бас директоры болды. Қазір Актөбе облыстық кәсіподақтар кеңесі төрағасының орынбасары.

Мәрен Мәскеуде, Марат Алматыда, Магир, Рита мен Дамир Ақтөбе қаласында тұрады.

Алаш зиялыларының саясаттан гөрі ұлттық мүддені жоғары қойғаны, сол үшін де құғын-сүргінге ұшырағаны белгілі. Айталық, дінге көзқарасқа байланысты. В.Ульянов дінді мемлекеттен бөліп тастады, Ж.Досмұхамедұлы керісінше, азаматтық істерді шариғат жолымен жүргізуге күш салды. «Ойыл уәлаяты Уақытша үкіметінің» жанынан Дін басқармасы құрылып, ол кейін Күнбатыс Алашорданың Дін істерін басқару комиссиясы деп аталды. Комиссияны жоғарыда айтылған Сағидолла Ізтілеуұлы басқарды. Бұл комиссия негізінен қазір «Азаматтық хал актілері» деп аталатын, қазақ топырағындағы алғашқы ресми әділет құрылымының қызметін атқарды. Бұл Жаншаның орыс қызына үйленіп, орыс білімінен сусындағанына қарамастан, мол, еуропалық білімін ұлттық тәрбиенің уызына сүйене отырып пайдалануының бір ғана көрінісі.

Айналасына жаңағы С.Ізтілеуов, 1917 жылғы 19 сәуірдегі Орал қазақтарының бірінші съезіне, Мәскеудегі Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысқан Қайырша қазы Ахметжанұлы Бүйрек құмын қыс қыстап, Қаратөбе, Ойыл өңірін жаз жайлайтын атақты Нұрмұхамед байдың баласы, Сағидолла басқарған Дін істері жөніндегі комиссияның мүшесі, 1901 жылы Бұқар қаласындағы жоғары дәрежелі білім беретін Мір-Араб медресесін тәмамдаған, Орал қазақтарының 1917-1919 жылдардағы төрт бірдей съезіне қатысқан, Ойыл мешітінде көп жыл діни дәріс оқыған, белгілі себептермен тұтқындалып, 1937 жылы атылған Хасан (Құсайын) хазірет Нұрмұхамедұлы сияқты діни қайраткерлерді жинаған Жаншаның өзі де діндар адам болатын. В.Ульяновпен жақын қатынастағы, онымен тең сөйлесе алатын, Ресей мұсылмандарының атқару органы — Шура-и исламның шешімімен осы орган төрағасының орынбасары болып сайланған Ж.Досмұхамедұлы Құран Көрімнің Санкт-Петербургтің көпшілік кітапханасындағы бастапқы, толық нұсқасын В.И.Лениннің тікелей араласуымен аталған кітапханадан алып, Орынбор, Уфа арқылы Ташкентке жеткізген-ді...

Жаңа заманға жаңа күш керек, шын мәніндегі азаттықты алу және сол азаттықты қорғап қалу үшін ұлтының ұятындай өз әскерің болу керек. Ақпан төңкерісінен кейін әлжуаз мүмкіндікті пайдаланып қалуға жанталасқан Алаш зиялыларының өз әскерін құруға бар күш-жігерін салуы сондықтан еді. Бірақ, анталаған жау бұған қасарысып қарсы тұрды. Дегенмен, ақыл мен қайраткерлік текке жұмсалған жоқ, жүректілік пен біліктілік тиісінше өз жемісін берді де.

1918 жылғы 18-21 мамырдағы съезде Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметі «Халық милициясы» деп атаған әскери құрамын жасақтаудың заңдық негіздерін жасады. Съезд шешімімен іле-шала, яғни екі айдан кейін Ойылда юнкерлер, Жымпитыда прапорщиктер мектебі ашылды. Бұл іс жүзінде қазақтың көсіби ұлттық әскерін жасақтаудың басы болатын.

Ойыл юнкерлер мектебінін тұңғыш түлектері туралы С.Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешуінде» «Алашорданың тұңғыш батырлары қолдарын ең алдымен қазақ кедейлерінің қанымен бояды» деп жазғаны белгілі (97). Осы туралы Орал облысы әскери үкіметінің комиссары Бизянов Ішкі істер министріне жолдаған хатында «Жетінші желтоқсанда түскі сағат он екінің шамасында Алашорданың Оралдағы әскери үкіметінің казак әскерімен келісімі негізінде берген өкіміне қарсылар мен большевиктермен күресу үшін майданға барғысы келмегендердің қарулы көтерілісі болды. Қазақ халық милициясының шамамен үш жүздей жігіті аттарымен сап түзеп базар алаңындағы казармаға беттеді, винтовкадан оқ атты, сосын пошта кеңсесіне басып кіріп, телеграф сымдарын үзді, үстірт берілген бұйрықтармен ақ офицерлер мен қазақ үкіметінің мүшелерін іздеді. Сонымен бірге олар қамаудағы алпыс сегіз тұтқынды босатып, интенданттық полк қоймасындағы қару жарақты тонады, тұтқыннан босатылғандарды атқа қондырып, қолдарына қару ұстатып, жергілікті мекемелерге шабуыл жасады. Қазақтың ояздық сотындағы, қазақтың әскер штабындағы, земство управасындағы, комиссарлар кеңсесіндегі істердің барлығын дерлік өртеді. Ояздық управадағы Алашорда бөлімшесінің иелігіндегі ішінде бір миллионға жуық сом ақша салынған жәшік ұрланды», — деп мәлімдеді.

Алаш қозғалысын зерттеген Н.Мартыненко мұнымен толықтай келіспейді. «Орал комиссары Бизяновтың көтерілісті тонаушылық-озбырлық сипаттағы көтеріліс ретінде сипаттауы шындыққа сәйкес келмейді, — дейді ол, — көтеріліс негізінен майданға жіберілетін жігіттердің кейбір офицерлерге, олардың жөнсіз, әдепсіз қылықтарына қарсы, лагерьдегі берекетсіздікке, казак офицерлерінің қазакқ жауынгерлеріне жасаған озбырлықтарына орай туындады». Оралдық өлкетанушы Ж.Ақбаева «бүлікке Орынбордан жалданып келіп, қызмет атқарып жүрген офицердің өзіне қарсылық білдірген қазақ жауынгерін атып өлтіруі басты себеп болды», — дейді.

Ал, уәлаят үкіметінін басшысы Ж.Досмұхамедұлы Жоғары билеуші Колчакқа 1919 жылғы 7 маусымда жолдаған жазбасында бұл оқиғаны былайша өкінішпен еске алады. «Қазақтардың мүлдем жана ерікті атты әскер бөлімі тек ішкі құштарлықпен ғана құрыла бастағандықтан әп дегеннен айтарлықтай қиындықтарға тап келдік. Оның ең басты себептерінің бірі - бастапқы офицерлік құрамның сәтсіз іріктелуі. Жергілікті тілді, тұрмысты білмейтін, Отан алдындағы борышын сезінбейтін, өзінің қара басын ғана күйттеген мүлдем кездейсоқ адамдар өзінің қызметтік міндетіне біржақты, дәлірек айтқанда жауапсыз қарады, әр түрлі қызметтік сипаттағы қылмыстар жасады.

Жымпитыдағы толқу қазақтардың мейлінше адал бөлігі арқылы тез басылғанмен, енді-енді ғана қалыптаса бастаған ісімізге орасан зор зиян келтірді: аса қиындықпен сатып алынған қару-жарақтың көпшілігі талан-таражға ұшырады және әскери киім сақталған басты интенданттық қойма ұрланды. Бұл саяси сипаттағы оқиға емес, басқа орынға ауыстырылған кейбір әскери бөлімнің, олардың пікірінше жеткілікті қамқорлық жасалмайды деген ойдағы офицерлік құрамға және интенданттық ведомствоға наразылығынын көрінісі.

Көтерілістен кейін әскери бөлімді қайта құруға, әскерге ерікті түрде алынатын жігіттерді енді тек ауылдық қоғамдастықтар ұсыныстарымен қабылдауға кірістік. Үлгі ретінде ықпалды ақсақалдар, молдалар, зиялылар өз балаларын әскер қатарына беруде. Қазір Күнбатыс Алашорда өз бөлімдерін толықтыру үшін Ойыл уәлаятынан екі мың жігітті ерікті түрде әскер қатарына шақырып отыр. Сізге өз өкілдеріміз дәрігер Қашқынбайұлы мен ояздық земство басқармасының төрағасы Субханұлын жіберіп отырмыз, мүмкіндігінше ақша, қару-жарақ, киім бөлуге көмектесуіңізді өтінеміз». Жазбаға Ж.Досмұхамедұлымен бірге Иса Көпжасарұлы қол қойды.

Иса Күнбатыс Алашорданың Қаржы министрі болды, С.Петербург университетін бітірген жоғары білімді қайраткер. Үйшік, Теке ояздарында ояз бастығының көмекшісі қызметін атқарды, Қобда бойынан төбесін қаңылтырлап он екі бөлмелі мектеп салдырды. Текеден мұғалім әкелуге кеткенде Иса балаларымызды орысша оқытып, шоқындырғалы жүр деп ауыл адамдары жаңағы мектеп үйін өртеп жіберді. Сондай-ақ И.Көпжасарұлы Ресейден қоныс аударушылар қаптағанда, жергілікті халықты шұрайлы жерінен қозғалтпай, оларды Малай, Сулыбас, Құрсай, Жарсай сияқты шөлейтті жерлерге орналастыруға айтарлықтай ықпал етті. Күнбатыс Алашорда таратылғаннан кейін Иса туған жеріне келіп, ешқандай қызметке араласпай, Қобда бойында өз ажалынан қайтыс болды (98).

Мамыр айында құрылған Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметі жаздың соңғы айларында-ақ атты әскердің алғашқы полкін жасақтап, енді екіншісін құруға, сөйтіп оны дивизия деңгейіне жеткізуте бет бұра бастаған еді. Бұған уәлаят әскерін басқарған Сабыр Сарғожаұлы, Нәдірше Есімханұлы сияқты арнаулы әскери білімі бар офицерлердің қосқан үлесі аз болған жоқ. Қазір уәлаят офицерлерінің отызға тартасының есімдері белгілі болып отыр. Оның ішінде Б.Қаратайұлының баласы, хорунжий Мұрат Қаратайұлы, өнші Мұхиттың немересі Ғұбайдолла Мұхитұлы бар. Зерттеуші М.Тәж-Мұрат: «Батыс Алаш Орданың эпипентрі болған «көздің жасы Ойыл» алдымен Ақтөбе мен Атырауға бірдей қатысты екендігіне дау бар ма?! Ендеше Батыс Алаш Орданың бүгінде мәлімсіз болып отырған әскери төбе тобын құраған хорунжийлер Мәжит Көпірбаев, Дәулетқали Жәнібеков, прапорщиктер Батырбай Дәулетов, Жайғамалы Нұров, жүзбасылар Сәрсенғали Қошанов, Зепқали Бейсенов, офицерлер Оспанов, Терлікбаевтар ізі айтылмыш өңірден шығуы тиіс», — дейді. Осындағы Оспанов туралы белгілі қаламгер Ғ.Ахмедов 1928 жылы жазда Ақтөбеде, оның ішінде Ойыл өңірінде болған Е.Ерназаров туралы айта келіп, былай деп жазады: «Жергілікті басшылар елмен таныстыру үшін оған губернияның өкімшілік бөлім (милиция) бастығы Мерғали Оспанов деген кісіні қосып берген. Мерғали Ойыл жағының қазағы, бұрын әскери мектепте оқыған, 1919 жылы Батыс Алашорда әскерінің офицері болған сауатты, пысық жігіт еді, кейін қайда кеткенін білмей жүруші едім, 1938 жылы атылғанын 1993 жылы газеттен оқыдым».

Жымпитыға Орынбордан, Самарадан ығысып келген ақ офицерлерден қойылған интенданттардың тікбақай іс-әрекеттері мен азық-түлік, құрал-жабдықпен жабдықтау ісіне салғырт қарауы салдарынан болған желтоқсан оқиғасы жағдайды мүлдем қиындатып жіберді. Бас интендант Б.Атшыбайұлынын Жымпитыдағы қару- жарақтың бір бөлігін ғана аман сақтап, Ойылға жеткізуте шамасы жетті.

Беркінғали Атшыбайұлы Қазыбек болысында туды. Шеркеш руының Жауқашты бөлімінен. Бабасы Қазыбек (1760-1824) Мұрат Мөңкеұлы «Аузына арам салмаған, ортадан пара алмаған, Жауқаштыда Қазыбек» деп жырлаған Кіші жүздің белгілі билерінің бірі болса, атасы Атшыбай Кіші жүз қазақтарының 1869-1870 жылдардағы «Ел ауа» атанған көтерілісінде қол бастаған, ал өкесі Мұқаш өңірдегі көзі ашық, сауатты, әрі сауда капиталын айналымға түсіре білген, қазақша-орысша сауатты, бай кітапханасы бар дәулетті адамдардын бірі.

Беркінғали Гурьевтің екі сыныптық Романов орыс-қазақ училищесін, Оралдың реалдық әскери училишесін, Ойыл уәлаяты Уақытша үкіметі құрған Жымпиты прапорщиктер мектебін бітіріп, Уәлаят әскерінің Бас интенданты болып тағайындалған-ды.

1919 жылдың аяқ кезінде Гурьевтен Толстов әскері арқылы Уәлаят әскерін ағылшын қару-жарақтарымен жабдықтау, екі арада кіре тарту, лау жүргізу ісімен айналысты. Сібірдің онтүстік-батыс астықты аудандарындағы кооперативтер мен жергілікті қазақтардың Ойыл, Ілбішін, Қаратөбе базарларында Доссор мен Мақаттың шикі мұнайын, керосинін, қарамайын, Жайықтың бекіре балығын азық-түлікке баспа-бас айырбастау ісін жолға қойды. Осы жылдың желтоқсанында Қызыл Армия бөлімшелері мен ақ казактардың Ойыл мен Қызылқоға арасындағы ақтық шайқастарға, бұрынғы Комуч Халық армиясының Орал казактары құрамындағы полковник Горшков басқарған отрядын қызылдар жағына шығарған Ж.Досмұхамедұлы операциясын ұйымдастырушылардын бірі.

Осыған қарамастан, Күнбатыс Алашорда тізе бүкеннен кейін М.Фрунзенің құпия берілген нұсқауымен кепіл ретінде оқшауланған неғұрлым ықпалды бес алаш қайраткері құрамында 1920 жылғы ақпанда Мәскеуге өкетілді. Мәскеуде Жаншамен және Халелмен бірге Кеңес басшылығына Күнбатыс Алашорданың қызметі жайлы белгілі хатбаяндама әзірлеуге қатысты. Сол жылғы мамырда бестіктің алғашқысы болып Орынборға оралды. Қазәсревкомның Ішкі істер бөлімінің меңгерушісі Ә.Әйтиевтің қолдауымен осы бөлімге іс жүргізуші болып орналасты. Кейін ҚАКСР ОАК Балалар өмірін жақсарту жөніндегі орталық комиссияның Түркістандағы азык-түлік сатып алу жөніндегі төтенше өкілі болып тағайындалды. Төшкенге келіп, ашығып жатқан қазақ балаларына Түркістан Республикасы тарапынан көмек ісін ұйымдастырды.

1928 жылы Мәскеудегі Тау-кен академиясының (қазіргі Губкин атындағы Мұнай институты) оқуға түсті, бірақ екі жылдан кейін «алашордашы, жат элемент» ретінде оқудан шығарылды. Осы кезде Жем мұнай алабының Каспий ойпатына кіретін байтақ аумағында мұнай іздестіру жұмыстары кең етек ала бастаған-ды. Б.Атшыбайұлы «Эмбанефть» тресіне қарасты геологиябарлау конторына өуелі геолог болып орналасты, сонан соң далалық геологиялык-картаға түсіру секциясын басқарды.

Беркінғалидың басшылығымен ықтимал мұнай көздерінің картасы жасалды. Сол кезде қойылған, ел аузында «Мосы ағаш» аталатын белгі бағандар Ойыл даласында да кездеседі, олардың түбінде сақтаулы ақпарат-мәлімет, есептеулер әлі күнге дейін геолог-барлаушылар көдесіне жарап келеді. Мұнайлы, Алтынкөл, Ескене, Құлсары, Дүйсеке, Шонай, Қарашұңгіл нүктелеріндегі жемісті мұнай іздестіру жұмыстары Б.Атшыбайұлы есімімен тікелей байланысты. Қазақтың арнаулы білімді тұңғыш мұнай барлаушысы, қажырлы қоғам қайраткері 1937 жылы белгілі саяси айыптаулармен тұтқындалып, хабарсыз кетті.

Ойыл уәлаятынын Уақытша үкіметі толық мәніндегі Үкімет деңгейіне көтеріле алған жоқ, атауында көрсетілгендей, ол біртұтас Қазақ автономиясы мәртебесін алғанға дейінгі іс-қимылды жүргізетін Уақытша үкімет қызметін атқаруды мақсат тұтты. Дегенмен:

- өзінің мелекеттік құрылымдарын айқындады, басқарушы, атқарушы органдарын сайлады, ол төрт ай болса да жұмыс істеді;
- автономиялық уәлаяттың шекарасы белгіленді, оған Жайықтың Бұқар жақ бетіндегі отыз қазақ болысы, кейінірек бес қарашекпен болысы кірді;
- үкіметтің Мұхаммед пайғамбардың жасыл түсті жарты айымен безендірілген мемлекеттік жалауы болды(99);
- басқа үкіметтермен автономиялык уәлаят ретінде байланыс орнатуға талпыныс жасады, бірақ ол аяқсыз калды;

1918 жылдың күзінде Жымпитыда Қазақ земство банкі ашылды. Уәлаят өз ақшасын шығаруға талаптанды. Оралдық өлкетанушы Г.Васильевтің айтуынша, уәлаят ақшасы 1927 жылы жарық көрген Чучиннің Бон каталогына енгізілді. Өкінішке орай, Ойылдағы баспахананың қуаты «Еркін қазақ» газетін, үкіметтің бланк-куәлік қағаздарын шығарудан артылмады;

- белгілі қоғам қайраткері, акын, Кеңес Одағының Батыры М.Мәметованың өкесі А.Мәметовтың редакторлығымен тәуелсіз «Еркін қазақ» газеті жарық көрді;
- үкімет сол кездің өзінде қазіргі нарық экономикасының зандылығын басшылыққа алды, сауда-саттық жұмысына ерекше мән берді. Мұнай кәсіпшіліктерімен, жеке қожалық иелерімен, әр түрлі серіктестіктермен, Комуч сияқты үкіметтік құрылымдармен айырбас сауда жүргізіп, балапан үкіметін түлетуге зор күш-жігер жұмсады;
- өз әскерін құрды, Ресейлік үлгіде ашылған Ойыл юнкерлер мектебі мен Жымпиты прапоршиктер мектебі алғашкы қазақ офицерлерін дайындады.

Бар болғаны төрт айдың ішінде осыншама қыруар іс тындырған «Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметі» 1918 жылдың 11 қыркүйегінде таратылып, Күнбатыс Алашорданың құрамына толықтай енді. Алайда, бұл құрылымның да бүкіл қызметі Ойыл уәлаяты аумағындағы кейінгі табан тірескен күрестермен, шымшытырық оқиғалармен ажырамас тұтастықта өрбіді.

Материалдар жазушы Сырым Бақтыгерейұлының 2009 жылы «Фолиант» баспасынан шыққан «Ойыл» кітабынан алынды.

ОҚЫРМАНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қадірменді сөз төркіні мен құдіретін ұғынатын, сөз қасиетін қадірлейтін ағайындар!

Мына заманда кітаптың өміршеңдігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр, өйткені жазба ісіне арналған заманауи қанша құрылғы болса да, кітаптан сенімдісі жоқ. Себебі, қағазға басылып, хатталып қалған дүние ешуақытта жойылмай, сапасын да, мазмұнын да өзгертпей, ғасырдан ғасырға сыр шертуші шежіре болып қалатыны белгілі. Бұған дәлел – өйгілі әлемдік мол қоры бар кітапханалар.

Кітаптың адам баласының ақыл-ойын қалыптастырудағы аса зор пайдасын түсіндірудің қажеттілігі жоқ деп ойлаймын. Кітапты оқу арқылы оқырман өзіне қажетті жан-жақты ақпарат пен өртүрлі ілім-білім алып отырады. Сондықтан да кітап өзінің құндылығын еш уақытта жоғалтпайтыны барлығымызға мәлім. Демек, өмір көрген, елге елеулі, халыққа қалаулы да сыйлы болған ағалар мен апалар, өмірдің мәңгі еместігін түсініп, өздерінің естеліктерін қоғамда үлгі-өнеге, өшпес мұра ретінде қалдыру мақсатында кітап жазуды жөн санайды. Естелік жазуа рқылы кейінгі ұрпаққа айтары бар болғандықтан да, олардың өткен өмірінің өзі өнеге! Мұндай кітапты оқи отырып автордың өмір жолымен танысқандай күйде боласың. Кітаптың сиқыры да осында!

Қазір естелік кітаптар көбейді. Бұл өте дұрыс қадам, себебі, жеке адамның тағдырынан қоғамның бейнесі құралады. Кітап кейіпкері арқылы сол заманның келбетін көріп, заңдылығын танимыз, тәртіп-талабымен танысамыз. Кітап кейіпкерінің өмір жолындағы қиындықтары мен қызықтарын, қуанғаны мен тарыққанын және өмірінің мән-мазмұны мен мақсатын, яки қорытындыланғанын білеміз. Бұл бізге рухани сабақ, рухани азық, рухани мектеп!

Бүгінде Ақтөбе қаласындағы «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында республикалық, облыстық және аудандық, одан қалды өзге облыстардың да жалпы 30-ға жуық газеттері мен журналдары басылып шығады. Баспахананың сағатына 35 мың дана газет басып шығара алатын толық қуаты бар. Сондай-ақ, осы мекемеге өр форматтағы кітаптар мен түрлі-түсті кітапшаларға, жарнамалық буклеттер мен дипломдарға, сертификаттар мен алғыс хаттарға және т.б. тапсырыс берушілердің саны да күн сайын артып келеді.

Бүгінде біздің баспахана Қазақстандағы ең ірі бес баспахананың қатарында болса, Батыс Қазақстан бойынша ең үздігі болып отыр. Себебі қазіргі заманның озық технологиясымен жарақтандырылған, сонымен қатар, офсетті-рулон баспасынан басқа, заманауи 4 және 7 түсті бояумен толық баса алатын қуатты баспа құралдарымен жабдықталған.

Баспахананың тағы бір артықшылығы – өз ісін жетік білетін мамандармен қамтамасыз етілгендігі. Біздің мамандарымыз – біздің мақтанышымыз! Көсіби тұрғыдан баспагерлеріміз тапсырыс берушілердің сансыз алғыстарына бөленген, өлеуеті мол, іскер әрі білікті мамандар! Олар кез-келген талап пен талғамның үдесінен шыға алады!

Баспахана туралы толық ақпараттарды khabar-service.kz сайтынан қарап хабарласуға болады.

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің мекенжайы:
Ақтөбе қаласы, Смагулов көшесі 9/2, байланыс телефоны
8 (7132) 400-231, 400-400, 545-545, 8 (700) 400 75 45.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық қазіргі заманғы қоғамның аса бір көкейкесті мәселелерінің бірі. Сыбайлас жемқорлық халықтың билікке деген сенімін жояды.

Сыбайлас жемқорлық ұлтымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Сондықтан да онымен бірлесе күресу баршамыз үшін маңызды іс. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дертің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақтөбе облысы бойынша департаментінің тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықты болдырмау үнемі назарда ұсталып келеді. Аталған бағытта атқарылып жатқан шаралардың басты мақсаты – мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам қызметін үйлестірудің тиімділігін арттыру жолымен қоғам өмірінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақтөбе облысы бойынша департаментінде тұрақты негізде жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған сенім телефоны жұмыс жасайды, азаматтардың арыз-өтініштері үшін арнайы жәшік орналастырылған, сонымен қатар комитет пен департаменттің ресми сайттары www.stat.gov.kz арқылы туындаған сұрақтарға жауаптар алуға болады. Әр айдың белгіленген күндері департамент басшысы мен оның орынбасарларының қабылдау күндері болады.

Ақтөбе облысының статистика департаменті.

МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ ЖІБЕК ЖОЛДАСОВА ВАКЦИНАЦИЯНЫҢ ҚАЖЕТТІГІ МЕН МЕН СКЕПТИКТЕРДІҢ ДӘЛЕЛДЕРІ ТУРАЛЫ

ЖУЫРДА МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ ЖІБЕК ЖОЛДАСОВАМЕН ВАКЦИНАЛАР НЕГЕ ҚАУІПСІЗ, АУЫРҒАНДАР ТАБИҒИ ИММУНИТЕТКЕ ҮМІТ АРТА АЛА МА ЖӘНЕ ЖАҚЫНДАРЫҢЫЗ ЕГІЛУДЕН БАС ТАРТСА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК ЕКЕНДІГІ ЖАЙЛЫ СҰХБАТТАСТЫ.

ЖІБЕК ЖОЛДАСОВА – ДӘРІГЕР-ПСИХИАТР ЖӘНЕ ПСИХОТЕРАПЕВТ, МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ, НЕВРОЗДАР МЕН АЛЬЦГЕЙМЕР АУРУЛАРЫН ЕМДЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ.

ЖАҚЫНДА ОЛ FACEBOOK-ТЕ COVID-19 ҚАРСЫ ИММУНИТЕТТІҢ ЖӘНЕ ОСЫ ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ ЕКПЕНІҢ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС ТУРАЛЫ ПОСТ ЖАРИЯЛАДЫ, СОНДАЙ-АҚ БАРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ ВАКЦИНАЦИЯҒА ШАҚЫРДЫ. ЖАРИЯЛАНЫМДЫ ЖҮЗДЕГЕН АДАМ ОҚЫП, ЕКІ ЖҮЗДЕН АСТАМ ПІКІР ЖАЗЫЛДЫ. ОЛАРДЫҢ КӨБІ – АЛҒЫС СӨЗДЕР.

БІЗ ДӘРІГЕРМЕН ВАКЦИНАЦИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ СОЛ СҰХБАТТЫ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНАМЫЗ!

– Сіз постта беделді ғылыми журналдардың деректері негізінде кесте жасадыңыз. Бұл ақпараттық алаңдағы көңіл-күйді өзгерту әрекеті, жанайқай ма, өлде адамдарға вакцинацияның пайдасын нақты және түсінікті етіп жеткізу жолы ма?

– Мен түсіндіруге тырыстым. Әлеуметтік желілердегі бағытты байқағанда: «Құдайым-ай, бірдеңе істеу керек» деп ойладым. Яғни, мен кейде, кемінде жылына бір рет, бесалты жыл қатарынан вакциналар туралы жазып тұрамын. Бүгінде КВИ-ге қарсы вакцинация аса өзекті. Оның үстіне, бұл тақырып бойынша ақпарат көп, ол үнемі жаңартылып отырады. Жаңа, өлдеқайда нақтырақ мәліметтер пайда болады және бір жыл бұрын болған нәрсе дұрыс болмауы мүмкін. Барлық осы деректерді үнемі оқып, зерттеп отыру керек.

– Коронавирус туралы жаңа және жаңа ғылыми мәліметтердің пайда болуын вакцинацияға қарсы адамдар да дәлел ретінде қолданылады. Олар пандемия басталғанда бір ақпарат, ал қазір ол басқаша болса, яғни бұл өтірік деп ойлайды. Мысалы, вирустың заттың бетінде қанша өмір сүре алатындығы туралы мәліметтер өзгерді. Бұл осы жайлы барлық ақпарат шынайы емес дегенді білдіре ме?

– Вирустардың белгілі бір берілу жолдары бар. Мысалы, коронавирус тобына жататындар ауа тамшы жолдарымен өтеді. 2000 жылдардың басында SARS, SARS және MERS вирустары болды. Бірақ MERS вирусын қалай жеңгені туралы оқиғаны бәрі ұмытып қалды. Ол кезде вирустың бастапқы көзі – түйелер табылды. Оларға екпе жасалған соң инфекция басылды. Бұл керемет емес пе? Ал қазір вирус мутацияға ұшырап, адамнан адамға жұғатын дәрежеге жетті. Бірақ енді өзіміз егілуіміз керек, оны бәрі бірдей түсініп отырған жоқ – енді түйелердің еш қатысы жоқ. Қандай да бір себептермен, бұл деректерді қарапайым адамдар еш жерде айтпайды, ал ғалымдар бұл туралы жақсы біледі. Антивакцинаторлар вакциналар тым қысқа мерзімде жасалды және бәріміз тәжірибеге қатысып жатырмыз, «Мен – аңызбын» фильмінің сценарийін қайталап жатырмыз деп мәлімдеуде. Іс жүзінде коронавирустық инфекция бұрыннан белгілі, ол өткен ғасырдың ортасында шыққан. Бұрын оныңмен балабақшаларда балалар жиі ауыратын – ол жеңіл өтетін, белгілері суық тигендегідей, тұмау кезіндегідей. Яғни, әдеттегі коронавирустық инфекция арамызда бұрыннан бар. және ол өте егжей-тегжейлі зерттелген. Сонымен қатар, коронавирустар тудырған SARS-тің пайда болуы иммунология мен вирусологияға серпін берді. Шамамен 20 жыл бұрын оларға қарсы вакцина әзірлене бастады. Қазір бұл деректер сәл модификацияланды. Сондықтан вакцинаны жасауға аз уақыт кетті және оны ерте тіркеуге рұқсат етілді. Неге осының түсінгілері Бұл да парадокс.

– Вакциналардың клиникалық сынақтары салыстырмалы түрде қысқа уақытқа созылды және салдары түгел зерттелмеуі мүмкін деген дәлелдерге не айтасыз? Кейбіреулер тіпті вакцинация балалар мен кейінгі ұрпаққа әсер етуі ықтимал деп, вакцинациядан кейін ешқандай жаман әсер болмайтынына кепілдік беруді сұрайды.

– Медицинада кепілдік беру жағдайы өте қиын. Әсіресе, жұқпалы ауруларға қатысты, вакцинация – бұл аурудың ауыр ағымының алдын алудағы ең үлкен кепіл болып табылады. Біз шешек, қызылша, полиомиелит, көкжөтел, тырысқақ және басқа да пандемия мен індеттерді бастан өткердік. Бүгінгі таңда вакциналар жетілдірілуде және бұл үлкен жетістік. Олар жақсартылып, адамдар үшін қауіпсіз және тиімдірек болуда. Әрине, стерильді иммунитет қалыптастыратын вакциналар да бар, онда адамның иммунитеті оған қарсы егілгенде инфекцияны бірден жояды. Өкінішке орай, коронавирусқа қарсы стерильді иммунитет жоқ. Яғни, вакцинациядан кейін вирусты жеңе алатын адамдар бар, ал кейбіреулері ауру жұқтырып алады, бірақ ол жеңіл түрде өтеді. Бұл жерде ешкім де толықтай кепілдік бермейді. Бірақ статистика бар және оған қарасақ, дельта штаммына қарсы тиімділік 88% көреміз. Бұл керемет көрсеткіштер. Қазір ақпараттандырылған келісім беріледі. Мысалы, жүрекке операция жасамас бұрын науқасқа: «жүрегіңіздің жағдайы осындай, операцияның сәтті өту мүмкіндігі 85% құрайды», – дейді. Вакциналармен де солай – ресми, дәлелденген тиімділік бар.

– Вакцинацияға қарсы адамдар әлемде вакцинациядан кейін көптеген асқынулар тіркелгенін алға тартады. Мысалы, американдық VAERS және британдық Yellow Card сияқты жағымсыз реакцияларды бақылау жүйелеріне сүйенеді. Бұл платформаларда айтылған асқынулар әрдайым вакциналарға байланысты бола бермейтіні белгілі. Бірақ олардың саны алаңдаушылық тудырады. Осы сияқты хабарламаларға назар аудару қажет пе?

– Вакцинацияға қарсы адамдарда іздеу мәселесі бар. Олар әдетте іздеу жүйелеріне «Вакцинаның жанама әсерлері» деп әдейі жазады. Мұндай іздеу ғылыми негізделмеген. Егер вакцинаның нақты жанама әсерлерін білгіміз келсе, онда кеңірек іздеу керек. Яғни, жалпы вакцинацияны. Сонда көптеген шынайы зерттеулердің негізінде шын мәнінде не болғаны, ненің жоққа шығарылғанын, ненің сол қалпы қалғанын көруге болады. Егер вакцина кем дегенде бір рет елеулі зиян келтірсе, онда, ерине, оның шығарылымы тоқтатылады. Көптеген дәрі-дәрмекпен солай болды, соның ішінде вакциналармен, бұл оларды жетілдіру үшін жасалды. Фармацевтика да медицина сияқты зиян келтіру үшін жасалған жоқ. Медицинаның «зиян келтірме» деген негізгі қағидасы барлық өндірушілер, барлық дәрігерлер мен медицина қызметкерлері үшін сақталады. Бұл постулат, әрбір дәрігердің жадында. Сондықтан қандай да бір зақымдайтын агент бөлінсе, дәрілік заттар, вакциналар өндіріске жіберілмейді. Сондықтан, ақпаратты кеңірек іздеенде, біз неғұрлым толық сипаттама аламыз және қандай жағдайлардың асыра сілтеушілік, ал қайсысы сәйкестік болып табылатынын түсінеміз. Бірақ антивакцинаторлар нақ осыларды іздейді. Егер мұндай скептикті, мысалы, ауруханаға жіберсек, ол сол жерден вакцина алған, бірақ ауырып қалған науқасты табады. Нақ сол адамнан вакцинаның қорғамайтынын көрсету үшін сұхбат алады. Ал вакцинацияланбаған басқа науқастар, яғни 99% антивакцинатор үшін бос орын болып қалады. Бұл бір жақты ойлау. Ақыр соңында, Жердің жазық екеніне сенетін де адамдар бар. Олардың да осы теорияны дәлелдеу әдістері бар. Мұндай біржақты тәсілді кез келген саладан табуға болады.

– Адамдардың көбі вакцина ДНҚ-ға әсер етуі мүмкін және оның салдары кейінгі ұрпақтан байқалады деп санайды. Дәрігер, маман ретінде бұл теориялық тұрғыдан болсын, мүмкін бе, айта аласыз ба?

– Заманауи технологиялар адамның ДНҚ-н өзгертуге мүмкіндік бермейді. Біздің ағзамызда триллиондаған жасуша бар. Яғни, адамды өзгерту үшін әр жасушаның ДНҚ өзгерту керек. Мұны қалай жасауға болады – өзірге нақты жауап жоқ. Ал тірі вирус әр жасушаға еніп, сол жерде көбейеді. Қазіргі заманғы вакциналарда тірі вирус жоқ, әсіресе векторлық және мРНҚ вакциналарында. Олардың құрамында бұл вирустың кішкене бөлігі бар, бұл ағзада антиденелер қалыптастырады. Яғни, бұл жағдайда генетикалық өзара әрекеттесу мүлдем жоқ.

– Дегенмен, адамдардың көбі COVID-19 жеңіл ауырған адамдары көріп, вакцинациядан гөрі ауырып, иммунитет қалыптастырған қауіпсіз деп санайды. Мұндай көзқарас қаншалықты дұрыс?

– Адам жай ауырған кезде иммунитет пайда болады, ол белгілі бір вирусқа қарсы жұмыс істейді. Егер келесі жолы дәл сол вирус ағзаға енсе, олар ұқсас болса, онда антиденелер оған төтеп беруі мүмкін. Бұл ретте антиденелердің болуы иммунитеттің ауруға қарсы тұра алатынына кепілдік бермейді. Ауруды қайта жұқтыру жағдайлары бүкіл әлемде тіркелуде. Ғалымдар оларды зерттеп, талдап, вакцинадан алынған иммунитет жақсырақ деген пікірге келді, өйткені ол іс жүзінде мутацияланбайтын спайк ақуызына антиденелер қалыптастырады. Егер келесі жолы ағзаға дельта, лямбда немесе басқа бір нұсқасы енсе, онда осы спайк ақуыз антиденелері вирустың кез келген мутация түрінен қорғай алады. Сондықтан вакцинадан кейінгі иммунитет әрдайым ауырудың нәтижесінде алынған иммунитетке қарағанда өлдеқайда жақсы.

– Психотерапевт ретінде вакцина салдыратын немесе вакциналанған, бірақ туыстары мен таныстарының тарапынан жағымсыз және алаңдатарлық ескертулерге тап болған адамдар не істеуі керек, айта аласыз ба? Мысалы, вакцина бедеулік тудырады немесе ДНҚ өзгертеді деп адамды екпе алмауға көндірсе...

– Егер өлеуметтік желілер туралы айтар болсақ, онда пікірлерге жауап бермеуді үйренуіңіз керек. Кім жазса да, жауап берудің қажеті жоқ. Ары кетсе, оны бұғаттауға болады. Егер таныс адамдар мен туыстарға келсек, онда бұл олардың тиісті ақпаратқа қол жеткізбеуінің нәтижесі ғана екенін түсіну керек. Олар ақпаратты фильтрден өткізбейді, бірақ дәлелдер үшін хайп жаңалықтарды пайдаланады. Ал ресми медициналық базаны қарап, шын мәнінде не болып жатқанын оқып шықсаңыз – еш күмән қалмайды. Яғни, сізді бедеулік және басқа да қауіп-қатерлерге байланысты вакцинациядан бас тартуға көндірмек болған адамдар шынайы ақпаратты мақсатты түрде іздемейді.

Бұл ыңғайлы – ауызбен айту оңай, әсіресе осындай жағымсыз жаңалықтарды. Бұл ретте ресми статистиканы ешкім де елемейді. Соңғы тәулікте бізде 160 адам қайтыс болды. Алматыда соңғы тәулікте 700-ге жуық адам ауруханаға жатқызылды! Бұдан да артық болуы мүмкін. Ауруханалардан репортаждарды жиі көрсетіп, онда адамдармен, дәрігерлермен не болып жатқанын көрсету керек. Әйтпесе, вакцинацияға қарсы адамдар насихаттайтын контент мұның бәрін жоққа шығарады. Олар өз ойларын эмоционалды түрде жеткізеді, ал адамдар оған сенеді.

– Яғни, эмоциялар – адамдарды кез келген нәрсеге көндірудің сенімді тәсілі, солай ма?

– Әрине. Қазір эмоционалды интеллект курстары неге танымал? Себебі бұл массаларды басқарудың керемет құралы. Ақпарат неғұрлым эмоционалды жеткізілсе, соғұрлым жақсы есте қалады. Альцгеймер ауруымен ауыратын және есте сақтау қабілеті бұзылған пациенттерімде де өмбебап формула бар: егер ақпарат эмоциямен ұсынылса, жағымды-жағымсыз болсын, бәрібір, ол оны есінде сақтайды. Неге Альцгеймер ауруына шалдыққан адамдар былапыт сөздері бар өлендер мен тақпақтарды жеңіл есте сақтайды? Себебі эмоциялар қосылады. Дені сау адамдар үшін бұл абсолютті формула – біреудің эмоциясын көргеннен кейін біз оларға оңай араласамыз.

СӘУЛЕЛІ ҒҰМЫР ИЕСІ...

Өмір дегенге тірлікте сірә, жетер ме ой,
Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер ғой,
Бекер ғой, бәрі бекер ғой бәрі, бөтен ғой,
Өмір дегенің бір күндік сәуле екен ғой - деп ақиық ақын Мұқағали ағамыз жырлағандай, азғантай ғұмырында саналы өмір сүріп, қызмет жолымда жетекшім болып, апалық ақылымен жаныма жарық берген адамның бірі - Балшекер Жұмағалиқызын 14 тамыз туған күнінде сағынышпен еске алып, рухына бағыштап, қолыма қалам алып, осы мақаланы қалың оқырманға отырмын.

Балшекер апай / марқұм/ өте беймаза, талапшыл, үнемі бір жаңалыққа ұмтылған тамаша ұйымдастырушы болатын. Ол жанына жастарды жинап, олармен досындай сырласа білетін. Мінезі қатты, бірақ әділетті, турашыл жүзін бар демей шындықты бетіне сойып салатындығымен көпшіліктің есінде қалды-ау деп ойлаймын. Алды қатты болғанмен, сөйлесе келе баладай аққөңіл, сенгіш адам екеніне көз жеткіздім. Апайдың жұмысқа берілгендігі сонша, ауылдың кітапханашылары ол кісі келе жатыр дегеннен өбігерге түседі. Мына оқиға есіме түссе, әлі күнге езуіме күлкі үйіріледі. Жаз айы шыға басшылардың ауыл елді аралайтын кезі басталмай ма? Бір күні апай бастаған бір топ аудандық кітапхана өкілдері кмәдениеттің қоңыр уазымен зулап барып, ауыл кітапханасына тоқтай қалады. Кітапханашы орнында болмайды. Содан апай шоферге үйіне тарт дейді. Барса үй алдында кішкентай балалар ойнап отыр екен. «Балалы үйдің ұрлығы жатпайды» - дегендей анасын сұраса, балалар жүгіріп кеп кереуеттің астын көрсетіпті. Қатты қорыққан кітапханашы, апайдың ызғарынан ығып, жан сақтаудың амалы көріп кереуеттің астына жасырынған екен. Апай туралы осындай қызықты оқиғаларды әріптестеріміз жиі айтып отыратын.

Менің қызметке келген кезім 1993 жыл, бір алма-ғайып кезең, қысқарту, оңтайландыру деген желеумен ауыл мәдениетінің ошағы клубтар мен кітапханалар қысқартылып, дүние-мүлкі талан-таражға түскен уақыт болатын. Сол қиын сәтте Балшекер апайлар сияқты басшылар, тығырықтан шығудың жолдарын іздегені есімде. Күн-түн демей, ауыл-елді аралап, бүкіл дүниесін санап, ауыл мектептеріне, қала берді орталықтағы екі кітапханаға қапшық-қапшық қып тиеп өкеліп, жинақтағаны әлі көз алдымда. Еліміз Тәуелсіздік алған тұс, жұмысты неден бастап, неден қоярын білмей абыржып жатқан кезең, сол тұста апайдың бір ұшқырлығы - Ұлттық рухани тәрбиені қолға алу керектігін бірден зерделеп, шапшаң шешім қабылдайтын мінезіне салып, қызмет бағытын жаңа жүйеге бұрды. Сол кездері «Көкжар аруы», «Ұлттық киімдегі арулар», «Бұрымды арулар», «Пай-пай, қазақтың келіндері-ай», «Жігіт сұлтаны» т.б байқаулар қолға алынды. Сонымен қатар Ойыл жерінде туып өскен өнерпаздарды насихаттау ісі қосымша жүргізілді. Биші Гүлжан Сағынованың, спортшы Қ.Ізғариннің, әншілер А.Жұманов пен М.Сатыбаевтың, ақын Е.Ашықбаевтың, айтыскер-ақын Н.Қалауовтың, әнші-сазгер Ж.Айтқұловтың, әнші Р.Ғаббасованың, ұстаз-ана Г.Нұғыманованың, ақын-сазгер Қ.Досниязованың т.б шығармашылық кештері жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. Осының бәрін ұйымдастыру - Балшекер апайдың идеясы болатын. Сондай-ақ, әрбір 8 наурыз мерекесіне орай ауданның ұлағатты аналары мен көрікті келіндерінің басын қосу-кітапхананың басты міндетіне айналдырған еді. Сонда деймін, ол кісіге ешкім осыны жаса деп бұйырмайтын, апай Аналарды құрметтеуді өзінің парызым деп ұғынған болатын. Көпті көрген ұлағатты ұстаз, батыр ана Төлей апай /марқұм/ бір осындай кештен соң, сахнаға шығып, «Балшекер айналайын, сен бір өзің бүкіл ауданның идеологиясын жүргізіп отырсың» - деген болатын. Осы бір ауыз сөз апайдың тынымсыз еңбегіне берілген, алтыннан да қымбат сыйлық-ау деп осы күні ой түйемін.

Біз жастармыз, сол кезде апайымыздың энергиясына таң қалатынбыз. Сонда ол кісі «жұмыс - менің хоббиім» дейтін күліп. Апай ауыл-елдің өңгімесін айтпайтын. Мен апаймен қазақ өнері, әдебиеті, жұлдыздары туралы еркін сырласатынмын, ол кісі ақпаратты көп оқитын, апаймен сырласып отырып, неше түрлі қиялға берілетінмін. Балшекер апай үнемі асығыс жүретін, өмірінің қысқалығын сезді ме, үнемі асығыс бір шешімдер айтатын. Менен көп нәрсе күтті, ол қаламгерлігіме қарай бір ерекше дүние жазғанымды қалады. Бір күні әдеттегідей асығыс келіп, өзіне шақырды. Сондағы айтқаны сен қыз, тездетіп құжаттарыңды дайында, Жазушылар Одағына мүше болуың керек ,- деп қарап отыр. «Апай-ау, маған әлі қайда, ол үшін көп еңбек етуім керек, мен асықпаймын реті келгенде кіремін ғой», - деп күлдім. Осы күні сондай қылықтары есіме түссе, бір жағы күлем, бір жағы көзіме жас үйіріледі. Өтіп бара жатқан өмір-ай десеңші...

Мен үшін апай өз бағасын алмаған сияқты әсерде жүретінмін. Бірақ ол кісі сол кездері өзімен бірге қызметтес болғандар үшін, халық үшін «Мәдениет қайраткері» деуге лайық тұлға, қағаз жүзінде алу міндетті емес, ісі мен қайсар мінезімен ел есінде қалу, екінің бірінің еншісіне бұйырмаған бақыт, ал біздің Апайымызға бұл бақыт бұйырған еді...

Гүлайым Аманжолқызы,
Қызметтес шәкірті.

Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш көсіподақ ұйымы Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Әдебиетова Ләззат Әнетқызына әжесі
Әбілова Сәнім Қожекенқызының
қайтыс болуыны байланысты, ағайын тума- туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ойыл балалар жасөспірімдер спорт мепктебі» КММ ұжымы бастауыш көсіподақ ұйымының төрайымы, мектеп қызметкері Нугуманова Латипа Төлегенқызына
аяулы анасының
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1548 дана. Тапсырыс №842
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Газетіміздің келесі саны 27 тамыз, жұма күні жарыққа шығады.

ТІЛ ҒҰМЫРЫ – ҰЛТ ҒҰМЫРЫ

Әр мемлекет үшін мемлекеттік тілдің мәртебесі әрқашан биік,алар орны бөлек және ана тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана тілімізді қастерлеп, қазақ тілінде сөйлеп, тілімізді құрметтеп, тіліміздің одан әрі дамуына атсалысқан кезде ғана тіліміздің мәртебесі биік болып, ғұмырлы болары анық.

Мемлекеттік тіл еліміздің рухани құндылығы, атадан келешек ұрпаққа аманат етіліп қалдырылған баға жетпес мұрасы. Мемлекеттік тіл саясатына қатысты мемлекеттік бағдарламалармен заң нормаларын жүзеге асыруда сот саласы бірқатар жұмыстарды атқарып мемлекеттік тілді одан әрі жетілдіруде жүйелі шаралар атқаруда. Оның ішінде Ойыл аудандық сотымен қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту және мемлекеттік тілдің дамуына кедергі келтіретін мәселелерді талқылау бойынша дөңгелек үстелдер, семинар сабақтарын өткізу арқылы мемлекеттік мекемелер арасында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар сот ғимараттарындағы ақапарттық хабарламалардың барлығы дерлік қазақ тілінде орналастырылған. Бұл шараның өзі қазақ тіліне деген құрметті көрсетіп, мемлекеттік тіліміздің дамуына қосылып жатырған үлес болып табылады.

Сот саласының қызметкерлері қазақ тілінің дамуына қосар үлесі ретінде сот саласындағы жаңашылдықтарды және заңдарға еңгізілген өзгерістермен толықтыруларды түсіндіруде және жеке тұлғалармен заңды тұлғаларды қабылдауда, істерді қарау барысында қазақ тіліне басымдық береді. Осы атқарылып жатырған шаралар қазақ тілін меңгерудің үлесін арттырып, қолдану аясын кеңейту мақсатына бағытталған игі істердің бірі.

Қазақ тілінің дамуына қосып жатырған үлестердің бірі ретінде Ойыл аудандық сотымен қаралған істердің барлығы дерлік қазақ тілінде қаралып, мемлекеттік тілдің қолдану аясы бойынша 100 пайызды құрағандығын айтуға болады. Осы аталған көрсеткіш алдағы укақытта да өз деңгейін түсірмей, тілдің даму жолындағы тиісті шаралар өз жалғасын табатын болады.

Қазақ тілі - әлемдегі барлық мемлекеттік тіл сияқты өзінің егемендігін алған тіл. Қазақстанда тұратын әрбір азамат мемлекеттік тілді білуге міндетті. Тілге деген құрмет, халыққа деген құрмет.

Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады.

Сонымен қатар Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға, Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға міндетті

Тіл сол елдің тарихымен тағдыры. Тіл халықтың байлығы және асыл қазынасы. Тіл қай елде болмасын қастерлі, құдіретті рухани әрі тарихи құндылық. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлтының әрі жаны, әрі ары. Ана тілімізді қастерлеп, тілімздің дамуына үлесімізді қосқан кезде тіліміз ғұмырлы болары анық.

Ж.МАЙЖАНОВ,
Ойыл аудандық сотының аға сот приставы.

ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІ: ҮМІТКЕРЛЕР ҚАНДАЙ СЫННАН ӨТЕДІ?

ЖУЫРДА ЕЛІМІЗДЕ ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІНЕ ЖАҢА ҮМІТКЕРЛЕРДІ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ БАСТАЛАДЫ. ОСЫ ОРАЙДА ЕКІНШІ КЕЗЕҢ ҮМІТКЕРЛЕРІНЕ ҚАНДАЙ ТАЛАПТАР ҚОЙЫЛАДЫ, ОЛАР ҚАНДАЙ СЫННАН ӨТІП, ТАПСЫРМАЛАР НЕШЕ КЕЗЕҢНЕН ТҰРАДЫ? БҰЛ СҰРАҚТАРҒА ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ РЕКТОРЫ ЕРЛАН ӘБІЛ ЖАУАП БЕРДІ.

«Үміткерлерді іріктеу 5 кезеңнен тұрады және ол биыл қазан-желтоқсан айларында өтеді. Әр кезеңнен кейін үміткерлер іріктеліп, тиісінше олардың саны азайып отырады. Бірінші кезең – мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау. Бұл кезеңнен барлық үміткерлер өтуі тиіс және келесі кезеңге ең көп балл жинаған үміткерлердің 50%-ы жіберіледі. Тестілеуден тапсыру тілін үміткер өз бетінше таңдайды, тест 25 сұрақтан тұрады және оларға жауап беруге 25 минут уақыт беріледі. Тестілеу аяқталған соң оның нәтижесі үміткердің жеке кабинетінде жарияланады. Айтып өтетін жайт, тапсырманың нәтижесі автоматты түрде жүзеге асырылады яғни адамның қатысы жоқ. Егер бірнеше үміткердің тестілеу нәтижесі тең болған жағдайда мәселе Ұлттық комиссияның талқысына түседі», - деді Ерлан Әбіл ОКҚ-де онлайн өткен баспасөз мәслихатында. Оның айтуынша, екінші кезеңде үміткерлерге ситуациялық тапсырмалар беріледі. Онда үміткерлер ҚР 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарына сәйкес тақырыптық бағытты таңдап, сол бойынша тапсырманы орындайды. Тапсырманы орындауға 45 минут беріледі және оның жауабы 500 сөзден аспауы тиіс. «Үміткердің құзыреттілігін бағалау кезеңіне 250-ден артық адам шақырылмайды. Арнайы тіркеуден өткеннен кейін үміткерлер бағалаудың екі түрінен – ассесмент-орталықта офлайн форматтағы және онлайн форматтағы құзыреттер бойынша сұхбаттан өтеді. Бұл кезең үміткерлердің бойында келесідей құзыреттерді анықтауға және бағалауға бағытталған: стратегиялық ойлау, проактивтілік, сендіре білу, қызметті басқару, командалық көшбасшылық. Ассесмент-орталықтың нәтижесі бойынша әрбір үміткерге қысқаша есеп жасалып, ол 20 жұмыс күнінен кешіктірілмей үміткерлердің жеке кабинетінде орналастырылады. Құзыреттер бойынша онлайн сұхбатқа үздік нәтиже көрсеткен 125-тен аспайтын үміткер жіберіледі», - дейді ол. Ректордың мәлімдеуінше, онлайн сұхбат үміткерлердің ішкі ынта-жігерін және құндылық бағдарларын айқындайтын құзыреттерді анықтауға бағытталады. «Іріктеудің келесі кезеңі сарапшылық комиссияға алдыңғы сындарда ең үздік нәтиже көрсеткен 100-ден аспайтын үміткер жіберіледі. Онда кандидаттармен өңгімелесу онлайн немесе офлайн түрде өтеді. Сарапшылық комиссия отырысының қорытындысы бойынша 65 үміткерден аспайтын тізім жасалып, ол Ұлттық комиссия отырысында қарауға ұсынылады. Ұлттық комиссия отырысының қорытындысы бойынша 50-ден аспайтын үміткерді резервке алу туралы шешім қабылданады», - деді Е. Әбіл. Бұған дейін хабарлағанымыздай, елімізде Президенттік жастар кадр резервіне кандидаттарды іріктеудің екінші кезеңі басталады. Сондай-ақ, аталған жобаға арналған порталдың іске қосылатыны айтылды.

«Биылғы Президенттік жастар кадр резервіне іріктеудегі жаңашылдықтың бірі үміткердің мемлекеттік тілді білу деңгейін растауы. Резерв кандидатында мемлекеттік тілді білу деңгейін растайтын Қазтест немесе Qazaq Resmi Test сертификаты болуы шарт. Қазтест сынағынан офлайн форматта өту қажет болса, Qazaq Resmi Test-ті үміткерлер өздеріне ыңғайлы уақытта онлайн түрде тапсыра алады. Ол үшін веб-камерасы, микрофоны және интернеті бар компьютер болуы керек. Сондай-ақ, үміткерлер Мемлекеттік басқару академиясында Qazaq Resmi Test-ті тапсыру үшін арнайы дайындық курсынан өту мүмкіндігі бар. Оның ұзақтығы 36 сағат және құны 33 876 теңге теңге», - деді Ерлан Әбіл ОКҚ-де онлайн өткен баспасөз мәслихатында.

Құттықтау

Көптоғай ауылы,
Шұбарши елді мекенінің тұрғыны
Ардақты әкеміз, Әділхан Сапаровты
Мерейлі 70 жасымен және анамызбен отау құрған күндеріңізбен құттықтаймыз!

Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылжи берер кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,
70 жастың құтты болсын белесі.
Балаларың басындағы бағыңыз,
100-ге дейін нұрлы шырақ жағыңыз,
Өзіңізді мәпелеген, баптаған,
Аман болсын анамыздай жарыңыз.
Осы өңірде кең керілген керегің,
Еңбегіңмен еселенген берекең.
Атасының амандығын тілейді,
Ерке, тентек, ақ пейілді немерең.
Ардақтайды ақсақал деп халқың да,
Біз секілді ұрпағыңда артыңда.
80-ге де, 90-ға да жетіңіз,
Дәл осындай мейірімді қалпыңда.

Құттықтаушылары: бала-келіндері, қыз-күйеу балалары, немере, жиендері.

ІШІП КӨЛІК ЖҮРГІЗУ КӨПКЕ ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ПБ-НІҢ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АЛКОГОЛЬДІК НЕМЕСЕ ЕСІРТКІЛІК МАС КҮЙІНДЕ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН БАСҚАРАТЫН ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІ АНЫҚТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖҮЙЕЛІ НЕГІЗДЕ ЖҮРГІЗЕДІ. МАС ЖҮРГІЗУШІЛЕР ТЕК ӨЗДЕРІНЕ ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР БАСҚА ДА ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚАУІП ТӨНДІРЕТІНІ ЕШКІМГЕ ҚҰПИЯ ЕМЕС.

Ағымдағы жылдың шілде айының 12 күні кезекті рейд барысында Ойыл ауданы Сарбие ауылы бойынша учаскелік полиция инспекторы жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін 36 жастағы жүргізушінің басқаруындағы «Ваз-2114» автокөлігін тоқтатты.

Тексеру кезінде жүргізушіден алкогольдің өткір иісі шығып, жүргізілген сараптама жүргізушінің мас күйінде екенін көрсетті. Әрі қарай, тексеру кезінде жүргізушінің бұрын көлік құралдарын басқару құқығынан айырылғаны белгілі болды.

Аталған факті бойынша ҚР ҚК-нің 346-бабының 1-бөлігі «КҚ басқару құқығынан айырылған, алкогольдік масаң күйдегі адамның КҚ басқаруы» бойынша тергеу амалдарын жүргізіп, жинақталған іс-құжат аудандық сотқа жолданып, сот қаулысы шешімімен Сарбие селосының 1984 ж.т «А» есімді азамат 1 жыл бас бостандығынан айыру жазасын алды. Автомашинасы арнайы тұраққа қойылды.

Ақтөбе облысы Полиция департаменті Ойыл аудандық полиция бөлімі жүргізушілерге жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік туралы тағы да еске салып, барлық азаматтарды белсенді қырағылық танытуға шақырады. Тек бірлескен күш-жігермен ғана жолдардағы апаттылықты азайтуға болады. Жүргізушілердің заңсыз әрекеттерінің, атап айтқанда мас күйінде көлікті басқарудың куәгерлері болған барлық адамдар бірден 102 пультіне хабарласуы керек.

Д.ҒАЛЫМЖАНОВ,
Ойыл аудандық полиция бөлімінің бірінші орынбасары, полиция майоры.

ҚЫРЫҚ ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ

ШӘКІРТ ҰСТАЗЫН ҰМЫТПАҚ ЕМЕС. ТІПТІ ЖЫЛДАР ӨТКЕН САЙЫН ҰСТАЗ ТҰЛҒАСЫ ШӘКІРТТЕРІНІҢ ЖҮРЕГІНДЕ ЗОРАЯ БЕРЕДІ. ТҮЛЕКТЕРДІҢ МЕКТЕП БІТІРГЕН МЕРЕЙТОЙЛАРЫНДА АЛҒАШ ҚАЛАМ ҰСТАТҚАН, ОН ЖЫЛ ОҚЫТЫП, ТӘРБИЕЛЕГЕН ҰСТАЗДАРЫН ІЗДЕЙТІНІ, ЕСКЕ АЛАТЫНЫ СОНДЫҚТАН БОЛСА КЕРЕК. ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНЕН ОСЫДАН 40 ЖЫЛ БҰРЫН ҚАНАТТАНЫП ҰШҚАН 41 ТҮЛЕКТІҢ ОТЫЗ ШАҚТЫСЫ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА БАСҚОСҚАНДА, ӨЗДЕРІ ОҚЫҒАН «Б» СЫНЫБЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ БОЛҒАН СӘУЛЕ САҒЫНАЛИНА ҰСТАЗДАРЫН ҚҰРМЕТТЕП ОРТАЛАРЫНА ШАҚЫРҒАНЫ ОСЫНЫҢ БІР МЫСАЛЫ.

Шәкірттік ілтипат

Түлектер жалғыз емес, ұстаздарымен бірге, апайларының отағасысы, ардагер журналист, бұрынғы партия, кеңес қыметкері Тельман Төлебаев ағаларының да бірге қатысуын өтінген-ді. Осы шараны ұйымдастыруға мұрындық болған бір кездегі мектеп түлектері Асан Ықыласов, Нұржан Есқалиев, Төлеу Сапаров, Гүлсім Шуақова, Еркінбек Уәйісов, тағы басқалары мерзімді күні екі ұстазды да өз көліктерімен үйлеріне келіп, алып кетті. Екі ұстаз дейтініміз, Тельман аға да еңбек жолын ұстаздықтан бастаған. Кейін журналист мамандығын алып, аудандық газетте, аупарткомда, көсіподақ саласында ұзақ жылдар жауапты қызметтер атқарды. Аудандық мәдениет бөлімін басқарды. Ал Сәуле апамыз 1959 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің) қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. Әр жылдарда аудандық газеттің жауапты хатшысы, аупарткомның бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарғаны болмаса, негізінен, 42 жыл бойы Ойыл қазақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен жас шәкірттерге дәріс берген ардагер ұстаз. Педагогика саласына сіңірген еңбегі үшін аға оқытушы, әдіскер оқытушы, Республикалық халық ағарту ісінің үздігі атақтары берілген. Бірнеше медальдың иегері. Кезінде өлденеше мәрте аудандық кеңестің депутаты болып сайланған.

Педагогтер отбасында бес бала өсіп, жоғары білім алып, әр саланың айтулы маманына айналды. Қазір немерелері қатарға қосылып, шөберелері өсіп қалды. Осы отбасында тәрбиеленген перзенттің бірі — Гүлайым Төлебаеваның есімін облыс жұртшылығы жақсы біледі. Ол әр жылдарда облыстық комсомол комитетінің хатшысы, облыстық өкімдіктің бөлім меңгерушісі, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы қызметтерін атқарды.

Ағамыз осы жылдың ақпан айында 85 жасты толтырса, ұстаз апа да, амандық болса, енді бірер айда сол жасқа келеді. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырған ардақты отбасы иелері бүгінде немере-шөберелерін қызықтап отырған жайы бар. Соның өзінен де бақытты қарттықтың жарасымды көрінісін танисың. Олар қоныстанған екі қабатты коттедж үйдің ауласы таптаза әрі сәнді. Айнала жеміс ағаштары мен көкөніс өсіп тұр. «Қарап отыра алмаймыз, осыларды күтіп-баптаймыз. Бұл — біздің жасымыз ұлғайса да балаларға беріп жатқан көмегіміз» дейді бірінің сөзін бірі қостап. Демек сексеннің сеңгірінен асса да қолқайраттарының, денсаулықтарының бөтен болмағаны ғой.

— *Ойылдың орта мектебінде екеуміз бірге «б» класында оқыдық. Осыны дәстүр қылғандай, Сәуле ұстаздық жолында мектептің «б» класына ұдайы сынып жетекші болды. Мына 40 жылдыққа жиналған түлектері Сәуленің сынып жетекші болғандағы онжылдықты бітіргендердің бір тобы ғана. Болмаса, оның алдында талай топ түлеп ұшты. Олардың алдыңғыларына биыл 55 жыл толды,*—дейді Тельман аға.

Байырғы ұстаз Сәуле апайдың есте ұстау қабілетіне, жинақылығы мен ұқыптылығына қайран қаласың. Өзі сынып жетекші болған түлектердің барша сурет-шежірелері отбасылық мұрағатында түгел сақталған. Ұстаз кейінгі кезде үйдегі сол көп альбомның ішінен қажетті суреттерді қапелімде тауып алудың қиындай түскенін айтады. Әйтсе де осыдан 40 жыл бұрын мектеп бітірген түлектерінің ұжымдасып түскен бірнеше суреттерін алдымызға жайып, ондағы әр оқушы туралы әңгімелеп берді.

— *Бүгінде мұндағы көп шәкірттерім, Асан Ықыласов сияқты белгілі кәсіпкерлер. Көпшілігі Ойыл ауданынан шаруа қожалықтарын ашып алған. Олардың бірсыпырасы кезінде біздің мектепке Қаракемер ауылының бастауыш мектебін бітіріп келген еді. Ол кезде сынып жетекші болатын мұғалімдер ауылдан келген балаларды өзара бөліседі. Әлі есімде, мен сонда сап-сары құйттай баланы, «өзіме ұқсаған сары өңді екен, өз класыма алайын» деп, сұрап алғанмын. Әлгі бала қазір айтулы кәсіпкер болған. Сол жолы Қаракемерден онымен бірге 7 бала келген. Соның бірі — Нұржан Есқалиев та жолдасымен екеуі қазір осы қалада бизнес жолында жүр. Біз ұстаздық еткен жылдарда сынып жетекшілер өзара бәсекелес болып, жарысып жүреді. Әйткені білім алумен бірге, класымыз өнерде де алда болуы керек. Сондықтан мен ауылдардан қосылған балалардың 5 пен 4 - ке оқитындарынан гөрі, өнерлілерін — домбыра тартып, ән салып, би билейтіндерін өз сыныбыма таңдап алуға тырысатынмын. Кейін ол балалар білімге де бөтен болмайтын. Мысалы, осы сыныпқа ән салатын Сайлау Шахметовті, би билейтін Айсәнім Әменкинаны солай қалап алған едім,* — дейді суреттерге қарап отырып ұстаз.

Тельман аға мен Сәуле апамыз кездесуден алған әсерлерін айтып тауыса алмайтындай. Өздері үшін 40 жыл аз уақыт сияқты көрінгенмен, уақыт өзінің өрнегін салғанын мойындап та қояды. Кеше ғана алдарынан сабақ алған жасөркендер, бүгінде 57-58 жасқа келіп, немере сүйіп, ата-ене атанған. Еңбек жолында өз кәсіптерінен берекет тауып, есімдері елге, аймақтарға танымал болғандары да аз емес екен. Айтулы дәрігер, медицина саласының белгілі ұйымдастырушысы Төлеу Сапаровты, кәсіпкерлер Зейнолла Қалниязовты, Ақмарал Қабиеваны, мемлекеттік қызметші Шадияр Байдуллинді, кездесуге арнайы Қостанайдан келген Нұрымбек Қаттығаринді, жер мойыны қашық Бозойдан жеткен Ұлжан Шәргезованы сыныптастары жақсы қадірлейтінін айтады.

«Апай, мен Каппанмын ғой…»

Арада көрісіп, жүздеспеген қырық жыл уақыт та ұстаз бен шәкірт алғаш жүздескенде, көп тосырқау өкеле қоймайды. Бірауыз сөзінен-ақ сынып жетекшісі олардың өрқайсысын тани қояды.

— *Апай, мен Каплан болып ойнадым ғой,* — депті шәкірттерінің бірі.

— *А, сен Гүлсім Күзембаевасың ғой!* — деп тани кетіпті апайы. Өйткені ол кезде мектеп сахнасында пьеса қойғанда пролетариат көсемін ататын террорист Капланның рөлін ойнауға өз еркімен бірде-бір оқушы шыға қоймайды екен.

Кездесу барысында ұстаз бен шәкірттер арасында сағыныш сарынындағы ұзақ әңгіме-дүкен өрбіді. Ұстаз шәкірттеріне арналған ыстық құттықтау сөзін толғап, әр шәкіртінің оқушы кезіндегі тәтті қылықтарын еске алды.Шәкірттер де шешіліп сөйлеп, ұстаздарының мерейін асқақтатты. Қазақы дәстүр бойынша сый-сияпаттарын ұсынды. Ескерткіш ретінде суретке түсті. Мәдениет қайраткері, ардагер журналист Тельман аға сөзінің соңында:

— *Мектеп бітіргендерімізге 40 жыл деп, кездесу өткізіп жатырсыңдар, жақсы. Мен өзімнен 3 жас кіші жерлес азаматтардың осы дәстүрді берік ұстанғанын білемін. Олар — облыстық газеттің редакторы болған Идош Асқар, кезінде Исатай ауданын басқарған марқұм Мақсот Балғынов, облыстың атынан талай халықаралық кездесулерге қатысқан белгілі дәрігер Тұрар Шерияздановты. Осы азаматтар өздерімен бір класта оқығандарды ұмытпай, әр жылдарда ұдайы есте қаларлықтай кездесулер ұйымдастырып отырды. Соларға таңғалғаным, сендер 57-58-десіңдер, қазір 40 жылдық өткізіп жатырсыңдар мектеп бітіргендерінізге. Олар 40 жылдықты сіздердің жастарыңда, 50 жылдықты өткізді 67 жасқа келіп, 60 жылдықты өткізді 77 жасқа келіп, сөйтіп үш кездесу өткізді. Сендер де осындай үш кездесу өткізсеңдер жақсы болар еді,* — деген игі тілекпен түйіндеді.

Аманқос ОРЫНҒАЛИҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті журналисі.

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚОҚЫСТЫ ЖАҒУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қазіргі таңда ауданымызда мал азығын дайындау және астық жинау, оны тасымалдау жұмыстары жүргізілуде. Осындай қарбалас кезеңде шаруа қожалықтары мен өрбір мал ұстаушы азамат, мал азығын (шөп) дайындау және дайындалған пішенді баз бастарына және аулаларына тасымалдау ісінде өте жауапты болуы тиіс. Олай дейтін себебіміз, мал азығын дайындау кезінде өрт қауіпсіздігінің ережелері мен талаптарын сақтау мәселесіне және жұмысқа жұмылдырылған барлық техникалар өрт қауіпсіздік ережелеріне сәйкестендіріліп, жұмысшыларды өртке қарсы нұсқамадан өткізуге үлкен жауапкершілікпен қарамаса, еңбектің еш кететіндігін есте сақтаған жөн.

Сондықтан, мал азығын дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі шараларын қатаң сақтау керек екендігін естен шығармаймыз. Атап айтқанда,

– жұмылдырылатын техникаларды жарақты өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, ірі жемшөптерді тасымалдауға арналған көлік құралдары екі ұнтақты өрт сөндіргішпен қосымша жабдықтау;

– агрегатта және оның, айналасында темекі тартуға тыйым салу, темекі тарту үшін арнайы орын бөлу;– тракторлар мен автомобильдердің ұшқын сөндіргіштермен және өрт сөндіргіштермен жабдықталуы;

– электр-газ дәнекерлегішін қолдана отырып, жөндеу жұмыстарын арнаулы орындарда жүргізу;

- ірі жемшөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспайтындай етіп орындау;

- Ірі жемшөптерді тасымалдау арнайы жабдықталған көлік құралымен жүзеге асырылады, олардың пайдаланылған құбырлары радиатордың астына шығарылады және ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады;

- Тұрғын үйлердің қожалық учаскелерінде ірі жемшөптерді жинау ғимараттарға және аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта орындау. Көрсетілген қашықтықта ірі жемшөптерді жинау мүмкін болмаған кезде, жинау орнын кемінде 500 литр суы бар қосымша ыдыспен қамтамасыз еткен жағдайда қашықтық 5 метрге дейін қысқартылады;

Мыналарға:

1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына;

2) электр жеткізу желілерінің астына;

3) учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жемшөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді.

Жоғарыда көрсетілген қауіпсіздік шараларын сақтамағандықтан ауданымызда 2021 жылдың өткен кезінде тұрғын секторда қора–жайлар мен мал азығының өртену дерегінің 1 жағдайы тіркелді.

Сонымен қатар аудан елді мекендерінің аумағында құрғақ шөп пен қоқыстың тұтану жағдайлары көп кездесуде. Осындай жағдайлар әдетте қоқысты жағу кезіндегі талаптарды бұзу салдарынан туындайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздік ережесінің» 71-1 тармағына сәйкес, қоқыс қалдықтарын өртеу ғимараттар мен құрылыстардан 50 м-ден кем емес қашықтықта жүзеге асырылады деп көрсетілген. Ғимараттар мен құрылыстардан 50 метр қашықтықтағы қоқыс жағылатын алаң құрғақ шөп пен жапырақтардан тазалануы керек. Қоқыс тек күндізгі уақытта, тұрақты бақылау болған жағдайда ғана жағылуы қажет. Қоқыс жағылғаннан кейін отқа су құйылып мұқият өшірілуі тиіс. Өшірілмеген отты қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

Ойыл ауданының ТЖБ ескертеді! Егер, жоғарыда көрсетілген талаптар орындалмаған жағдайда, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексінің 336-бабына сәйкес жеке тұлғалар мен лауазымды тұлғалар, шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері айыппұл түрінде өкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі